

ГТАХР 18.45.91

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН СПЕКТАКЛЬДЕРДЕ АКТЕРДІҢ БЕЙНЕ ЖАСАУДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕРІ

Д. Нұрболат, М.Б. Жаксылыкова

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан
dinara.nurbolat92@mail.ru

Мақалада Қазақстандағы балаларға арналған спектакльдерде өнер көрсететін актерлердің бейне жасаудағы ізденістері сарапталады. Режиссер интерпретациясына сай әрекет ететін актерлердің кейіпкер бейнесін сомдаудағы көркемдік ерекшеліктеріне, рольмен жұмыс жасау тәсілдеріне талдау жасалған. Жалпы балаларға арналған репертуар саясаты қарастырылады. Соның нәтижесінде балаларға арналған қойылымдардың көркемдік идеясының өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі сүбелі үлесі бағаланады. Мақалада өнертанушылық және театртанушылық талдау әдістері қолданылған.

Түйін сөздер: балаларға арналған спектакльдер, актерлік өнер, режиссерлік интерпретация, спектакль, бейне.

Жер бетіндегі алғаш пайда болған адамдардың қауымдасып, бірлесіп аң аулағанын бәріміз білеміз. Бұл ұйымдасу қазіргі біздің түсінігіміздегі театр өнерінің көрінісі. «The term «theatre» has its origins in Greek word theatron, meaning a «place for looking». Thus, originally, theatre referred to both a place as well as to a particular form of sense perception. Today, the concept of «theatre» can refer to: (1) a building; (2) an activity (going to or doing theatre); (3) an institution; and, (4) more narrowly, an art form». («Театр» термині гректің theatron – «көруге арналған орын» деген мағына беретін сөзінен шыққан. Осылайша, театр әуелгі кезде орын ретінде де, сезім арқылы қабылдаудың белгілі бір пішіні ретінде де қабылданды. Бүгінде «театр» ұғымына: (1) ғимарат; (2) іс-әрекет («бару» немесе театрды «жасау»); (3) мекеме; (4) тар мағынада, өнер түріне жатады») [1; 1].

Қазақ халқының ауыз әдебиетінің бай мұрасы мен салт-дәстүрі бізде де аталмыш өнер түрінің тууына негіз бола алды. 1926 жылы жазылған мақаласында М.Әуезов «Өзге жұрттың мысалына қарағанда, театр өнерінің ұрығы елдің әдет-салтынан, ойын-сауығынан, ән-күй, өлең-жырынан басталған. театр өнерін туғызатын жайлы топырақ, қолайлы шарт елдің өз денесінен шыққан», - [2; 27] деген еді. Классик жазушының бұлай мақала жазудағы басты мақсаты, қазақ топырағына театр өнерін әкелу болған. Алғашында біздің көшпелі халық үшін театр өнері жат, қажетсіз деген пікірлерде болғаны сахна өнерінің тарихынан жақсы білеміз. Дегенмен, жазушы бойы мен болмысында орындаушылық өнердің дәні, қаны, жері мен су арқылы сіңген халық екенімізді нақты мысалдар арқылы дәлелдеп, театрдың керектігін нақтылап айтты.

Халқымыздың бай ауыз әдебиеті мен поэзиясы бүгінгі үлкен әдебиеттің туып, қалыптасуына негіз болып қана қалмай, ол театр өнерінің де бастауы болды. Бүгінде сахналық өнердің түрлері мен бағыттары өте көп. Эксперименттерге барып, жаңа форма іздеп жатқан режиссерлердің саны жетерлік. Дейтұрғанмен балаларға арналған театрдың орны маңызды. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық болмысты сіңдіріп, сұлулықты бағалауға машықтандыруда театрдың орны ерекше.

Қазақ халқы қай кезде болмасын ұрпақ тәрбиесіне айрықша көңіл аударған. Дүние есігін жаңадан ашқан сәбидің дұрыс азамат болып өсуіне мән беріп, ерекше қадағалаған. Бесік жыры, ертегі мен аңыз әңгімелер арқылы бала тәрбиесіне көңіл бөліп, жақсы мен жаманның, дұрыс пен бұрыстың аражігін ажыратуға құрылып, әлеуметтік маңызды сұрақтарға жауап табылды. Балаға өнер үйретіп, білім нәрімен сусындатып, өмірден өз орнын табуын қатты қадағалаған.

Бала тәрбиесінде басты болмаса да, маңызды роль атқаратын құралдардың бірі театр десек қателеспейміз. Қиял-ғажайыпқа толы ертегілер әлеміне саяхат театрдан басталып жалғасын табады. Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ академиялық Балалар мен жасөспірімдер театры өзінің құрылған күнінен бастап әр жастағы жеткіншектерге арнап аңыз-ертегілерге құрылған отансүйгіштікке, адалдыққа баулитын тақырыптағы спектакльдер қойып келеді. Бұл басқа театрлармен салыстырғанда тәрбиелік мәні бар, үгіт насихаттық пьесаларға көп көңіл бөліп сахналау арқылы өзінің бала тәрбиесіндегі орнының ерекшелігін анықтаған. Балалар мен жасөспірімдер театрының өзіне тән спецификалық ерекшелігі де осында. Бұл келетін көрермендерге де тікелей байланысты. Олардың жас ерекшелігін

ескере отырып репертуар түзіледі. Аталмыш театр көрермен назарына соңғы жылдары «Батыл көжектер», «Кірпінің досы», «Ең алғашқы жаңа жыл», «Чиполино және оның достары», «Бремен музыканттары» атты ертегілерді сахналап көрермен назарына ұсынып келеді.

Бүгінгі таңда балалар репертуары мәз емес екені жоғарыда аты аталған спектакльдер тізбегінен көріп отырмыз. Қазақ театры жаңадан құрылып, қадамын енді бақан шақтан бастап балаларға арналған өнер ұжымының керектігін М.Әуезов өзінің «Будем писать для детей» деген мақаласында ХХ ғасырдың 36 жылдарында айтып кеткен болатын. Классик жазушы балалар мен жасөспірімдер театрының маңызы және оның алар орнын дөп басып анықтап кеткен. 40 - жылдардың екінші жартысында бой көтерген театр өз шымылдығын А.Шварцтың «Қызыл телпек» ертегісімен ашуы - біздің әдебиетте бұл саланың игерілмей жатқанының көрсеткіші екені сөзсіз. Сол 30 жылдардың өзінде М.Әуезовтің балаларға арналған театрдың қажеттігін алғашқылардың бірі болып көтергенін осы мақаласынан анық көруге болады. Ол: «Я охотно поработал бы и над детской пьесой, но отсутствие ТЮЗ-за у нас, отсутствие проверочного участка, соответственно требованиям которого формировалось бы детская пьеса, задерживает писателей в работе над детским репертуаром», - [3; 37] деген пікірімен келіспеуге болмас. Дегенмен, авторларға өз шығармаларын тексеріп алатын балалар театры бар болғанымен әлі де қаламгерлердің бұл салаға өте аз бет-бұруының себебін түсіну қиын. Өнер ұжымы халық ертегілері мен бүгінгі күн тақырыбымен үндес ертеректе жазылған пьесаларды сахнаға бірлі жарым сахналап жүргенін репертуарға көз жүгіртсек байқаймыз.

Міне, осындай қойылымдардың бірі - Артем Белозеровтың «Кірпінің досы» ертегісі. Ес біле бастаған балаға ертегілер әлеміндегі қиял-ғажайып жайттарға толы шым-шытырық оқиғалар қызық. Олар кішкентай кезінен бастап жаман мен жақсыны ертегінің көмегімен ажырата бастайды.

А.Белозеровтың «Кірпінің досы» ертегісі достық туралы. Шығарманың басты кейіпкерлері екі дос Кірпітай - Ә.Байлин мен Аққоян – Т.Нұрбекова. Қыс келіп, дала аппақ қарға малынып Аққоян асыр салып жаңа жылды қарсы алуға дайындалып жүр. Кірпітай болса ұйқыда. Оны досы жаңа жылдық кереметті көрсету үшін ұйқысынан оятты. Жаңа жылдың келуін асыға күткен кішкентай Аққоян досы Кірпітаймен қуанышын бөліскісі келген. Достар кішкентай болса да, мерекеді сыйлық алғанға қарағанда сыйлаған екі есе қуаныш екенін түсінген. Мерекенің шырқын Шілде Аптаповна – Г.Ергешова бұзды. Жаңа жылдың символына айналған шыршаны пальмаға алмастырып қояды. Ең бастысы мерекелік көңілкүй екенін түсініп, екі дос Ақшақармен – А.Әділова пальма-шыршаларын безендіре береді. Аяз атада – Е.Отарбаев ерекше шыршаны көргенде таңданысын жсыра алмай қалған. Осындай қызық оқиғаға құрылып, тартымды тілмен жазылған пьесаны сахналаған режиссер Е.Әбдрешов балалар сүйіп тамашалайтын көркемдік сапасы жоғары спектакль тудырды.

«Актерге ролін жаттап алу - міндет, ал образ іздеу, сезіну, ең бастысы пьесадан өзінің көркемдік орнын тауып, спектакльге сүбелі санаткерлік үлес қосу - әлеуметтік парызға саяды» [4; 36]. Осы тұрғыдан келгенде біздің актерлік құрамның әрқайсысы әр кейіпкердің өзіне тән ерекшелігін, ым-ишаратын таба білген. Мәселен, Аяз ата –Е.Отарбаев, Ақшақар – А.Әділова, Шілде Аптаповна – Г.Ергешова, Аққоян – Т.Нұрбекова, Кірпітай – Ә.Байлин сынды орындаушыларымыз жаңа көзқарас, өзгеше ізденіс арқылы өз рольдеріне келгендігін анық аңғаруға болады. Режиссердің қойған мақсатын ары қарай дамытып, өз тарапынан актердің ізденгені спектакль барысында тайға таңба басқандай көрініп тұр. Әр актер өз кейіпкерінің сыртқы бейнесін дәл тапқан.

Режиссер қойылым кейіпкерлерінің мінез ерекшелігін жете түсініп, дұрыс шешімге келген. Үстіндегі костюмдері кейіпкер болмысын танытатындай етіп ойластырылған. Режиссер «Костюм – бұл актердің екінші қабығы, бұл оның жанды заттардан бөліп алынбайтын және ажырамайтын бөлігі, ол мұның бір бүтінге бірігіп тұтастай көрініп тұратын бір дүниесі және оның сахналық түрінің бір пердесі», – [5; 175] деген сөздерді негізге ала отырып, кейіпкерлер мінезін сыртқы бейнесі арқылы шешуге тырысқан. Ешкімге зияны жоқ Аққоян аппақ киімде. Оның киімдері бүгінгі сән үлгісімен тігілуімен үлкен әсер етеді. Аққоян атына заты сай, адал ниетті, бүкпесі жоқ ақ көңіл екенінің белгісі. Сонымен қатар жазда сұр, қыста ақ тон киетін қоянның табиғи ерекшелігі жайлы балаларды хабардар еткен. Аққоян роліндегі – Т.Нұрбекова өз кейіпкерінің осындай ерекшелігін түсіне отырып әрекет етеді. Актриса сахнада ойнақы, аңғал, ешкімнен қорықпайтын кішкентай қоянды сомдап шықты. Орындаушы қоянның бойына адалдық пен кішіпейілдік қасиеттерін дарыта отырып, балаларды адал дос екеніне сендірді. Мұндай ертегіде ойнау бір қарағанда жеңіл көрінгенімен, актерлер тарапынан үлкен ізденісті талап етеді. Себебі, бұлдіршіндер табиғатынан аңғал, сенгіш болғанымен оның пайым түсінігі мен ересек адамдікі әр түрлі. Сахнадағы орындаушы не жасаса да кішкентай көрерменнің талғам түсінігімен санаса отырып, шынайылыққа баса мән береді. Т.Нұрбекова Аққоянды досына адал, ақкөңіл, көңілді етіп бедерлеген. Сонымен қатар, балалар сыныпта, есіктің алдындағы достарының арасында болсын бір

адамды өзінің жақын досы етіп алады. Аққоян мен Кірпітай - сондай жан достар. Жақын адамы сыйқырға толы жаңа жылдық кешті көрмей қалуына жол бере алмаған ол, Кірпітайды қыста оятып алды. Кейіпкер бойындағы аңғалдық пен адалдық сынды ерекшеліктерді сахнагер нанымды бейнеледі. Ол досының табиғат заңына орай қыста ұйықтайтын біле тұра жаңа жылды көрсеткісі келді.

Театр репертуарының жүгін арқалап жүрген актрисалардың бірі Т.Нұрбекованың ойыны нанымды. Ол балалар спектакліне жеңіл қарамай қоянның болмыс- бітімін аша түседі. Сахнадағы ол асыр салып ойнап, жаңа жылдың кереметіне сенетін нағыз бала психологиясын көрсетті. Ересектерге арналған қойылымда бейненің мінез ерекшеліктері мен әрбір сахнадағы серіктесімен қарым-қатынасты қалай түссе балалар спектаклінде де солай. Ол балаларға арналған қойылымдарда екі есе көп ізденеді. Кішкентай көрермен біз үшін болмашы болып көрінген өтірік пен жасандылықты бірден байқап, сахнада әрбір нәрсені қалт жібермейді.

Кірпітай орманда шөп пен жапырақтың арасында жүргендіктен киімінің түсі де сондай. Джинсы шалбар кигізіп, оны жамаулармен көркемдеу - орнымен табылған шешім. Кірпі роліндегі – Ә.Байлин олақ, аңқау, досы үшін бәріне де дайын батыл бейне жасады. Орындаушы Кірпінің тікендері қатты болғанымен жүрегі жұмсақ екенін түсіндіре отырып, сахнада табысты ойын көсетті. Ол бәрі тікендерінен қорқатына қатты налитын кірпінің шынайы достық болмысын аша түседі. Орындаушы балаларға кірпінің инелері оған зиян жасағысы келетін жандарға қадалатынын көрсетті. Бұл - оның достық ниеті мен ақ, адал көңілін көрсету үшін табылған тәсіл. Ә. Байлин сахнада шолжаң, ерке, сонымен қатар адал көңілді кірпіні нанымды көрсете білді. Суыққа тонғанымен, досы Аққоянның көңіліне қарап, жаңа жылды көргісі келген Кірпітайды актер әсершіл әрі қимыл қозғалысы ширақ етіп көрсетті. Кішкентай көрермендерге жанындағы досын бағалауды үйрететін қойылымның ерекшелігін түсінген ол Кірпітайды әрбір баланың күнделікті жанында жүрген жақын адамы ретінде бедерлейді. Баланы ойнауда асыра сілтеуге, өттірікке жол жоқ. Актер кішкентай баланың көңілі мен мінезін ашуда жасанды үннен қашып, шынайылыққа қол жеткізген. Сахнада еркелеп сөйлейтін кішкентай кірпіні емес ересектердің ақылына құлақ асқан достарымызды көрдік.

Спектакль суретшісі Эльмира Шарапова кейіпкерлер костюмін сәтті шығарумен бірге, ертегі атмосферасын тудыратын декорация жасай алды. Кірпінің үйі мен қарға оранған орман алқабы салынған. Кішкентай көрермендер спектакль декорациясына қарап оқиғаның қай жерде өтетінін бірден түсініп, қойылым оқиғасына қызу қатысып отырды. Кірпітайды Аққоян балалардың көмегінен оята алмас та еді.

Бұл қойылымда кішкентай көрермендер Кірпітай мен Аққоян тәрізді жағымды кейіпкерлердің ісін қолдап отырды. Ал оларға кедергі жасап жүрген Шілде Аптаповнаның іс-әрекетіне келгенде томағатұйық қалды. Балалардың осындай әсерлері актерлерге де үлкен жауапкершілік артты. Олар балаларға іс-әрекеттері мен сөздері арқылы үлгі бола білді. Ән мен би сахнасында залдағы балалар түгелімен қойылым қатысушыларына айналып үлгерді. Режиссер Е.Әбдірешов балаларды спектакль оқиғасына араластыра отырып, олардың сезімдеріне әсер етуді көздегені анық. Олар - оқиғаның сырттан бақылаушылары мен тікелей қатысушылары. Бұл сахнадағы әрекеттің көрігін қыздырып, еркін қарым-қатынас орнатты.

Спектакль кейіпкері балалар және олар жаңа жыл мен Аяз ата сыйқырының кереметіне сенеді. Кішкентай Кірпітай мен Аққоян өз іс-әрекеттері арқылы әр баланың ғажайыпқа деген сенімін күшейте білді. Шымылдық ашылғаннан көрген сенім мен достық сезімдері өздерінің қаншалықты күшті екенін дәлелдеп Шілде Аптаповнаны райынан қайтарды. Шын достардың ортақ іске деген шынайы сенімі барлығын жеңіп шығады. Жаңа жылды болдырмай, қыстың орнына жаз орнатқысы келген Мыстан мерекені қарсы алып, қалаған сыйлығына да қолы жетті. Ақыры барлығы жақсылықпен аяқталды.

Режиссер ертегіге тән бояуды анық көрсету үшін сахналық эффектілерді дұрыс пайдалана білген. Жаңа жылдық шыршаның кара ниет Мыстанның сиқырынан кейін пальмаға айналуы әсерлі. Төменге қарай бағытталған жіптердің көмегімен жоғары көтеріліп пальма болып шыға келді. Бұл штанкеттерге қыстырылған жіптерді көтеру арқылы жеңіл шешім болғанымен балалар үшін әсерлі екені сөзсіз.

Спектакльдегі көңілді әуен, ырғақты би, әсерлі ән, декорация мен актерлік ансамбль бір-бірімен үйлесіп жас көрермендердің театрға деген сүйіспеншілігін арттырары сөзсіз.

Театр репертуарына еніп, берік орын алып үлгерген жаңа қойылым «Бремен музыканттары» ертегісі кішкентай көрермендер көңілінен шығып үлгерді. Ағайынды Гриммдер ертегісінің желісі бойынша ерте заманда өмір сүрген диірменшінің есегі болыпты. Өте еңбекқор, ақылды есек қожайынына ұзақ жылдар бойы қызмет еткеніне қарамастан оны қартайғанда үйінен қуып жібереді. Жерге тамағы болмаған ол ашығып жата беру дұрыс емес деп, музыкант болуға шешім қабылдайды. Өзінің дауысына сенген ол Бремен қаласына қарай жолға шығады. Ол Трубадур, ит, мысық, қораз

секілді серіктерін тауып, кезбе музыкант болады. Олар жолдарды кезіп, орман тоғайда түнеп, тау мен тасты басып өтіп, патша сарайына кезігеді. Есек ақырып, ит үріп, мысық мияулап, этеш шақырып – әрқайысы өз әндерін айтатын ертегі кішкентай көрермендерді бей-жай қалдырмасы анық.

Қойылым режиссері С.Қарабалин бала психологиясын түсіне отырып өзінің ой-тұжырымдарын ойнақы ән, би арқылы жеткізуге мән берген. Актерлерде сахнада еркін қозғалып, көрермен балалармен тығыз қарым-қатынас құру нәтижесінде кейіпкерлер мінезінің әр қырларын аша түседі. Бұл қойылым әуені көкейде жылдам жаттала қалатын музыкасымен, бұрыннан таныс оқиғасының жақындығымен өзіне тартады. Спектакльдің лейтмотиві болған «Жол әні» көтеріңкі көңіл-күй мен ойнақылықты көрсетеді. Театрға келген әр жеткіншек ертегінің басты кейіпкертері Трубадур, есек, ит, мысық, қораз тап болған оқиғаларға сеніп сахнадағы әрекетке араласып кетеді. Бұл табыс режиссерлік ой-тұжырымды түсініп, алдына қойылған мақсатқа бағытталған актерлік ойынның жетістігі.

Бұл спектакльге қатысатын кейіпкерлер - әр жастағы жануарлар мен екі ғашық. Сахнадағы актерлер әр кейіпкердің мінезіне тән ерекшелігін түсіне отырып әрекет етеді. Р.Ахметов орындаған Есек бейнесі ақ көңіл де, жарқын мінезді болып шыққан. Ол сахнада қимыл әрекеті аса жылдам болмағанымен ауыр жүкті көтеріп, арба сүйреп жүргеніне қарамай шаршаған жануарды емес керісінше көтеріңкі көңіл күйді көрсетеді. Есектің егде тартқанына қарамай оның өз ісін қуана жасап жүргенін көрсетуге актер баса мән бергені байқалады. Сахнадағы қым-қуыт әрекеттерге толық араласып жүрген орталық кейіпкер. Р.Ахметов бұл ролі арқылы қаусаған кәрі есек емес ақылды, дана жанауарды көрсетеді. Адал қызмет еткен ол, енді керек емес болып қалғанын білгендегі көңілінің түскенін ақырған дауысы мен салбырап кеткен құлағын қайшылауымен жеткізді. Дегенменде, оның салы суға кеткен жоқ. Кезбе музыканттармен бақытты күндерін бастан кешіп жүр. Кішкентай көрермендердің түсінігіндегі жақсы мен жаманның ажыратуын ескере отырып сахнада нанымды ойын көрсетті.

Келесі тоқталып кететін бейне ол – Король. Комедиялық рольдерімен қалың көрерменге таныс Е.Садырбаев мұнда да бізді күлкіге қарқ етті. Сахнада адуынды патшаны емес жаны нәзік, тез жылап қалатын көңілі бос адамды ойнайды. Актер кезбе музыканттардың әуеніне елітіп отырғанымен король екені есі түскенде орнынын ұшып тұрып, қайта отырады. Бұл арқылы ол балаларға патшаның қарапайым адамнан еш айырмашылығы жоқ екенін көрсетуге тырысқаны белгі болып тұрды. Корольді күзетшілері биік таққа отырғызып сүйреп алып шыққанда теріс қарап ұйықтап жатқанын көреміз. Балалардың күлгенінен оянып кеткен ол мазамды алдыңдар деп балаларға қабақ түйеді. Бұл - оның қатал патша болып көрінгісі келетіндігінің айғағы. Сахнада ересектер спектакльдерінде қарағанда балаларға арналған ертегілерде көрерменді сендіру қиын. Сахнагер режиссердің қойған талабына сай бейне кескіндей отырып, балаларға қызықты болуды да ойлайды. Келген кішкентай көрермен сіздің рольден терең астар іздемейді, ол балалық сенгіштік пен адалдыққа сай бәрі шынайы деп қабылдайды. Сондықтан, актер сахнада жасандылыққа бармайды. Жылағанда көзінен атылатын сулар асыра сілтеу болғанымен балаларға аса қызық, әрі түсінікті. Бұл рольдің сәтті шығуы режиссер мен актердің табысты жұмысының жемісі деп білеміз.

Бұл өнер ұжымы бүгінгі таңда өзінің бағыт-бағдарына сай жұмыс істеп отырмағандығы бөлек мәселе. Бірақ, сол ерте кезден бері түйіткілі шешілмей келе жатқан келелі мәселелер бүгінде біртіндеп өз түйінін тарқатып келеді. Белгілі театр сыншысы А.Мұқан өзінің «Қазақтың балалар театры атына заты сай ма?» деген мақаласында, «Театр әу бастан көрермендердің арнайы контингенті – балаларға арналған осы салада республиканың көптеген театрларының бірегейі ретінде жастар мен балалар репертуарын қалыптастыруға, жасөспірімдерге арналған спектакльдерді қоюда көш бастауы керек еді. Өкінішке қарай, бұл бағытты театр берік ұстана алмаған. Мұны дер кезінде көрсетіп, жолға салып отыратын не министрлік, не басқа бақылау органдарының белсенді болмауы репертуарлық саясаттың бас режиссердің жетегінде кетуіне алып келген», – [6; 191-192] деген пікірімен әсте келіспеу мүмкін емес. Бүгінгі таңда да бір маусымда балаларға арналған қойылымдар міндетті түрде жана жыл қарсаңындағы спектакльмен шектеліп қалып жататыны да бар. Жыл бойындағы жаңа қойылымдар санының жартысынан асып жығылуы керек балалар спектакльдері 1-2 деген саннан аспай отыр. Репертуарды ашып қарасаңыз соңғы жылдары жастар мен балалар театрында балалар спектаклінің өте аз екенін байқау қиын емес. Ал жасөспірімдерге арналған қойылымдар тіпті одан да аз. 10-16 жас аралығындағы жас ұрпақ театрда «№13», Е.Жуасбектің «Олжа», С.Балғабаевтың «Енелер мен келіндер» сияқты спектакльдерді көруге мәжбүр болып отыр. Театр басшылығы осындай олқылықтардың орнын толтырып, әр жастағы көрерменге арналған қойылымдар көрсетіп, өздерінің нағыз келбетін түзсе екен дейміз.

Бұл ертегі балаларға жақсы мен жаманның ара жігін ажыратуға көмектеседі. Өмірге енді келіп жаңа дүние есігін ашқан періште көп ештеңе түсінбейді. Біз жас ұрпақты өмір заңдылықтарына әфсәна

немесе ертегілер арқылы дайындай аламыз. Бала тәрбиесі еліміздің көркейіп өсуінде үлкен орын алады. «Ел болам десең бесігінді түзе» демекші артымыздан ерген ұл-қыздарымызға берген тәрбиеміз - болашақтың кепілі. Біз дйттеген мақсатымызға күшпен емес, біліммен қол жеткіземіз. Мұнда ата буынның өнеге – өсиеттерімен сусындаған аға буын білгендерін кейінгі жас ұрпаққа табыстайды. Бұл бір мәңгілік толас таппайтын жақсылық пен жамандық, әділдік пен зұлымдық, махаббат пен алдау – арбаудың күресі арқылы адам бойындағы құндылықтарды шығаруды көздеген туынды.

«Театр табиғаты коллективтік өнер болғандықтан, сахна алаңы спектакль болмысынан шынайы сезім мен творчестволық тебіреніске бөленген көркем шығарма тұлғасын қалайды. Режиссердің қызу қиялынан сүрленіп шыққан идеялық образ, актердің әсемдік бейнелеуде айшықты табылған мизансценалық ою-өрнек, сөз саптау мен саралық бәрі-бәрі пьесаның іштей шиыршық атқан тұла бой күш-қуатын қанықтыруға қызмет етеді. Осы үдере ұмтылыс спектакль тұтастығы мен бірлігін тудырып, сахналық шығармаға коллективтік мазмұн мен шығармашылық шырай береді», - [7; 31] деп профессор М.Байсеркенов айтқандай балалар спектаклінде ойнаған актерлердің барлығы да өз кейіпкерлеріне аса жауапкершілікпен қарап, терең бейнелер жасап берді. Олар кішкентай көрермендердің бүлдіршін кездерінен бастап театрға деген сүйіспеншіліктерін оятып, эстетикалық сезімдерінің жарасымды қалыптасуына мол үлес қосты.

Актерлер қандай қойылымдарда ойнаса да, өздеріне тапсырылған кейіпкерлердің ішкі жан толқыныстары мен қуаныш қайғыларын табиғи сомдауға бар күштерін салды.

Балаларға арналған осы жоғарыда аталған қойылымдар сияқты дүниелер көптеп қойылса, нұр үстіне нұр болар еді. Н.В.Гоголь «Театр – бізді қоршаған ортаға көптеген дүниелерді айтуға болатын кафедра», [8; 78] – дейді. Қоғамға берер тәрбиелік мән-мағынасы терең дүниенің сахналануы қашанда қажет-ақ. Осы тектес дүниелердің сахналануы - болашақ ұрпақ үшін құнды қазына.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Balme Christopher B. (2008) The Cambridge Introduction to theatre studies. New York – 226 p.
2. Әуезов М. (1962) Жалпы театр өнері мен қазақ театры. Алматы. – 283 б.
3. Әуезов М. (2004) Шығармаларының 50 томдық толық жинағы. 16-том. Алматы. «Жібек жолы». – 385 б.
4. Немирович-Данченко В. И. (1989) Рождение театра. М.: «Правда». – 575 с.
5. Сығай Ә. Т. (2008) Ой төрінде – театр. Алматы: ҚазАқпарат. – 330 б.
6. Мұқан А. (2019) Театрда туған толғамдар. Алматы, «Балауса баспасы». – 390 б.
7. Байсеркенов М. (1993) Сахна және актер. Алматы: «Ана тілі». – 336 б.
8. Кременцов Л. П. (2011) Русская литература XIX века. 1801-1850. М.: Флинта. – 248 с.

Поиски актера в создании образа в детских спектаклях

Д. Нурболат, М.Б. Жаксылыкова

Казахская национальная академия искусств им. Т. Жургенова, Алматы, Казахстан
dinara.nurbolat92@mail.ru

В статье анализируются новые поиски актеров, выступающих в детских спектаклях. Акцент сделан на художественные особенности детских спектаклей. Авторы поднимают острые вопросы репертуарной политики детского театра. В заключении оценивается роль детских спектаклей в воспитании подрастающего поколения. В работе использованы методы искусствоведческого и театроведческого анализа.

Ключевые слова: детские спектакли, актерское мастерство, режиссерское интерпретация, спектакль, образ.

The search for an actor in creating an image in children's performances

D. Nurbolat, M. Zhaksylykova

Kazakh National Academy of Arts named after T. Zhurgenov, Almaty
dinara.nurbolat92@mail.ru

The article analyzes the search for actors performing in performances for children in Kazakhstan. In accordance with the Director's interpretation, the analysis of the artistic features of the actors acting as the image of the hero, the ways of working with the roles was carried out. In General, questions are raised about the repertoire of the children's theater. As a result, the role of the artistic idea of children's performances in the education of the younger generation will be evaluated. The article uses the methods of art history and theater analysis.

Keywords: children's performances, acting, directorial interpretation, performance, image.